2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Қаралатын сұрақтар	Мерзімі	Жауапты
I	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы . 2. «Тіл-басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту.дайындық 3.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту 4. Республика күні, «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту	IX	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Тәрбиешілер
II	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2 « Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің сапалы орындалуы (салыстырмалы бақылау) 3.Шығармашылық тақырыптары (ескертпе бақылау) 4. «Тілдер күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау 5. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту	XI	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Тәрбиешілер Әдіскер
III	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау 3. Баланың сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеттерінің деңгейі (Тақырыпты бақылау) 4. Оқу жылының I жарты жылдық мониторинг туралы	I	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Тәрбиешілер
IV	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. 8 наурыз, Наурыз, 1 мамыр мерекелерінің сценарийлерін бекіту 3. Денсаулық күніне арналған іс-шаралар туралы	III	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева
V	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. 8 наурыз, Наурыз, 1 мамыр мерекелік іс-шараларының өтілуін талдау. 3. Денсаулық күніне арналған апталықты талқылау 4. 7,9 мамыр, 1 маусым «Қош бол балабақша!» мерекелік сценарилерін бекіту. 5. Жазғы ұйымдастырылған оқу-іс-әрекетінің кестесін бекіту 6.Шығармашылық тақырыптары (Ескертпе бақылау)	V	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева Ән жетекшісі Р.Туратаева А.Ескараева
VI	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. 7-9 мамыр, 1 маусым «Қош бол, балабақша» мерекелерінің өтілуі туралы 3. Жаңа оқу жылына дайындық 4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту 5. №1 педагогикалық кеңеске дайындық туралы 6. Кіріс құжаттары туралы	VII	А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева А.Ескараева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 26.09.2022ж Қатысқандар:12адам

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына жедел ба0ылау жасау.
2. «Тіл-басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту
3. Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту
4. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алды. Ол жаңа оқу жылына топтардың жағдайлары жөнінде айтып өтті. Құрметті тәрбишілер, өздеріңізге тиесілі әр топ бекітіліп берілді. Яғни, сол топқа оның шешініп, киінетін бөлмесіне, жатын, топ бөлмесіне, әжетханасына, ауласына көмекші тәрбиешілермен бірге жауаптысыздар. Оның ішіндегі жиһаздар мен заттарға, ойыншықтар мен ыдыс-аяқтарға тікелей сіздер және көмекшілеріңіз жауапты. Сондықтан да әр нәрсеге мұқият, таза, ұқыпты ұстап, қызығушылық танытып, күтіп ұстаңдар. Мен бәрін көріп, аралап, тексеріп, мейірбикеден есебін алып, қайта оған жауапты екенін тағы да ескерткім келеді. Менімше, бар нарселердің жаңа оқу жылына сақадай сай дайын деп ойлаймын,-деді.

Сөз алғандар: мейірбике Б. Адилова сөз алды. Меңгеруші апай дұрыс айтады. Топтағы көмекші тәрбиешілерге тиісті жұмыстарын мен оларға айтып, бөліп, түсіндіріп бердім. Келеңсіз жағдай орын алса өздеріңіз жауап бересіздер,-деді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алып «Тіл-басты байлығымыз» тақырыбындағы іс-шарасына дайындық жүргізіліп жатқанын айтты.Балалар тақпақ әндерін жаттап дайындық үстінде жүр.Балаларды ана тілімізді құрметтеуге таза сөйлеуге ,дыбыстарды дұрыс айту дағдыларына үйрету

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы ата-аналар жиналысы болатынын, одан топтық ата-аналар жиналысын өткізу мәселесіне тоқталды. Осы айдың отызына Жалпы ата-аналар жиналысын өткіземіз деп күнін белгіледік. Ондағы қаралатын мәселелерге тоқталды. Ата-аналармен бірігіп жүргізілетін жұмыстар ашық есік күні, ата-аналарға

кеңес т.б. жұмыстар атқарылады. Келген ата-аналарға осы жайныда сөз қозғап, түсіндіру керек, - деді. Мейірбикеге ата-аналарға арналған баяндама дайындауын ескертті. Келген ата-аналарды тіркеп, жақсылап күтіп, шығарып салайық, - деді.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде алда келе жатқан мерекелерді атап өтті. Әр топта осыған орай «Республика күніне», «Алтын күз» мерекелеріне ертеңгілік іс-шараларын өткізуі тиіс. Қараша айының соңына дейін «Күз мерекесіне» арналған ертеңгілік іс-шараларының жоспары түзіліп, бекітіліп, өтілсін.

Шешімі:

1. Жедел бақылау кезіндегі кемшіліктер дер кезінде орындалсын.

   Жауапты :Тәрбиешілер

2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жұмыстары қолға алынсын.
3. Мерекелерде барлық топтарда ертеңгілік іс-шаралары өтілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Сахова

Нөмірленген бауланған
2 парақ, ЭУЛЕТ-БАНК
беттс
Балабақша меңгерушісі

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

Мерзімі: 08.11.2022ж Қатысқандар:16 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу
2. Шығармашылық тақырыптары білім ,білік деңгейлері ,портфолио жүргізуі(Ескертпе бақылау)
3. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламаларын бекіту

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз сөйледі. Балабақшаларда білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп,оны жүзеге асыратын ең басты тұлға педагог болса қазіргі таңда педагогтарға қойылып отырған талаптар өте жоғары.Елімізде жаңа экономика құру үшін балабақшада оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген бәсекеге қабілетті тәрбиешілер жұмыс істеу керек.Жоспар бойынша барлық қызметкерлер өз жұмыстарынатқарып жатыр,ата-аналар жиналысы уақытылы өтілді.
2. Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері

3.Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ересек және ортаңғы топтардың Республика күніне дайындығы жақсы. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып белсенділік танытты. Балалардың тілдері жастарына лайықты дамыған. Тәрбиешілердің дайындығы өз деңгейінде. «Алтын күз» мерекесі ересек топта өткізілді. Топ мерекеге сай безендіріліген. Мерекелік іс-шара қызықты өтті. Ата-аналар да өз ризашылықтарын білдіруде.

4.Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева алдағы келе жатқан «Тәуелсіздік мерекесі», Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жүргізіліп, ертеңгілік сценарилері бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Тәрбиешілер: мерекелерге дайындықты бастап та жібердік. Бағламалардың жобасын да жасап қойдық. Бағдарламаларды ретке келтіріп, бекітуге әкеліп, көрсетеміз.

Шешімі:

1. Республика күні, «Алтын күз» мерекелері талқыланды.
2. Тәрбиешілердің портфолиолары толықтырылсын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламалары бекітіліп, өтілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Сахова

Нөмірленген бауланған
2 парақ бетте
Балабақша меңгерушісі

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 3

Мерзімі:13 .01.2023ж Қатысқандар:15 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау.
3. Баланың сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеттерінің деңгейі (Тақырыпты бақылау)
4. Оқу жылының I жарты жылдық мониторинг туралы (аралық мониторинг)

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен кеңестің шешімдері бойынша айтып өтті .Мерекелер бекітілген күндері өткізілді.Топтарда температура тәртібі сақталуда,оқу тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес өтілуде.
2. Екінші сұрақ бойынша Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелік іс-шаралары туралы балабақша ән жетекшісі Р.Туратаев айтып өтті. Мерекелік іс шаралар ретінде өтілді.Әр топта балалардың жас шамасына қарай жоспарланған.Мысалы: Ортаңғы топ балалары жас шамасына сай алынған әдемі билерімен қуантса, ересек топтың ұл қыздары өздерінің мың бұралған билерімен,әдемі әндерімен ата-аналарын қуантты.

Сөз алғандар: меңгеруші А.Ескараева

Өткен тәуелсіздік мерекесі жоспарға сай топта іс шара ретінде өткізілді.Тәрбиешінің жоспары талапқа сай жоспарланған.Балалардың дайындығы жақсы жоспарланған,мерекелік бағдарлама жақсы дәрежеде өз деңгейінде өтті.

Тәрбиеші: А.Сахова

Жаңа жыл мерексін бүлдіршіндер бір жыл бойы күтетін мереке.Оған үлкен дайындық жүргізіледі.Бұл дайындыққа ата-аналарда белсенді қатысады.Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар дайындайды,әр түрлі кейәпкерлердің жүрісін салып ,жаттаған тақпақтарын айтқызып мәз мейрам болды.Сондықтан барлық ұжым ,бүлдіршіндер ата-аналар қауымы мен белсенді дайындық жүргізген мереке жаман болған жоқ.Барлық мерекелер көтеріңкі көңіл күйде өтті.Жақсы деген баға бере аламын.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Баланың сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеттерінің деңгейі .Тақырыпты бақылау қортындысы бойынша меңгеруші А.Ескараева айтып өтті.Тақырыпты тексеру барысында анықталған топтарда балалардың сөздік қорлары жақсы дамыған,ойынға деген қызығушылқтары басым,ойын барысында жүйелі ойлау қабілеттері дамыған.Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады.Балалардың ойлау қабілетін дамытатын ,қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі-логикалық ойындар.Логика ойындар баланы тапқырлыққа ,логикалық ойлауға баулып ,ойынның ұшқырлығына ,өздігінен шешім қабылдауға,салыстыруға ,дәлелдеуге әсер етеді.Әр тәрбиеші ойлау қабілетінің ерекшеліктерін ,оны дамыту жолдарын толық түсіну қажет деп біліп, жұмыстарын баланың логикалық ойлауын дамытуды мақсат ету керек.Бала ойынға қызығу арқылы оның ой-өрісі ,қиялы ,логикалық ойлауы қалыптасады.

4. Төртінші сұрақ бойынша б/б әдіскері Д.Әлімқұлова айтып өтті.
Жетісай ауданының әлеуетті дамыту бөлімі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2023 жыл 10 қаңтардағы №21-12-03/3057 хаты негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын» 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттерімен дағдыларын даму деңгейін қадағалау бойынша 18 қаңтарға дейін аралық мониторинг қортындысы шығарып берілді.
Осыған орай біздің де балабақшамыздың жас ерекшеліктеріне сай мониторингтері жасалды .Бүлдіршіндеріміздің бағалау жүйеміз қанағаттанарлық.

Шешімі:

1. Өткен меңгеруші жанындағы кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің өту деңгейі жақсы.
3. Тақырыпты тексерудің қорытындысының анықтамасындағы ұсыныстар бойынша кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін.
4. Аралық мониторинг жүргізілді.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Алибаева

Нөмірленген баулаған
2 парақ беттер
балабақша меңгерушісі

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі: 15.03.2023ж

Қатысқандар:15 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің оындалуы
2. 8 –наурыз,Наурыз, 1 мамыр мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
3. Денсаулық күніне арналған іс –шаралар туралы.

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен кеңестің шешімдерініңорындалуы туралы айтып өтті.Балабақша қызметкерлері мен бүлдіршіндер арасында техникалық қауіпсіздік іс-шаралары жүргізілуде.Қысы бойы топтарда жылу тәртібі сақталынып,күнделікті 21-22 градус жылу сақталды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алды. Ол кісі өз сөзін ұжымдағы қыз-келіншектерді «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс-шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс-шара сценарийін түзіп,бекітілсін деген ұсыныс айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек , - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан , мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мереке сценарийі түзіліп, бекітілсін.

Сұрақ бойынша ой-пікірлерін білдірген тәрбиешілер

Г.Дүйсебаева
Әз наурыз мерекесінде сценарий бағдарламасына қазақ халқымыздың салт-дәстүрінен үзінді жоспарлануда.Сондай ақ тұсау кесер көрінісі енгізілді.Биылғы Наурыз мерекесінде балалар жас ерекшеліктеріне қарай тақпақтар мен әндерімен қарсы алады.Ән жетекшісі ұсынған сценарийлер бекітілсін деген ұсыныс айтамын.

Л.Мамбетова
Көктемнің алғашқы мерекесі –Аналар мерекесі сценарийлер жақсы жоспарланған.Мерекелік іс-шаралардың барлығы тақырыпқа сай жоспарланған .Бүлдіршіндеріміздің 8-наурыз мерекесіне дайындықтары өте жақсы,өздерінің аналарына арнап сыйлықтар жасады.Әндерді ,тақпақтарды балалар өте

қызығушылықпен жаттап,билеп үйренді.

3.Үшінші сұрақ бойынша денсаулық күніне арналған ойындар туралы ой пікірлерін білдіргендер

А.Ескараева

Дүниежүзілік –Спорт күні.Сондықтан осы апта ішінде денсаулық күніне әр топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойындар ойнатылсын.Әртүрлі эстафеталық ойындар ұйымдастырылсын.

Д.Әлімқұлова

Балаларға қозғалыс қимылы денсаулықты барлық дене мүшелердің және жүйелердің іс-әрекетін ағзаның қарсылығын қалай жақсартатынының таңертеңгі жаттығудың пайдасы туралышынығудың әдістері мен түрлерін , өздерінің денсаулықтарын күту,денсаулыққа әсер етуші жағымды жағымсыз факторлар туралы айтып түсіндірді ,өзара қамқорлықты сыйластыққа болу,дұрыс тамақтану , тазалықты сақтау туралы түсіндіру мақсатында денсаулық мерекелері ойындар ұйымдастырылады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. 8- наурыз Аналар мерекесіне арналған ертеңгіліктердің сценариі бекітілсін.
3. Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мерекесінің де сценари бекітілсін.
4. Денсаулық күні өткізілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Алибаева

Нөмірленген бауланған
2 парақ беттер
Балабақша меңгерушісі

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 5

Мерзімі:15.04.2023ж Қатысқандар:15 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8 наурыз, Наурыз ,1-мамыр мерекелік іс-шараларының өтілуін талдау
3. Денсаулық күніне арналған апталықты талқылау
4. 7,9 мамыр,1-маусым «Қош бол балабақша» мерекелерінің сценарилерін бекіту
5. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
6. Шығармашылық тақырыптары (ескертпе бақылау)

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде айтып өтті.Денсаулық апталығында 4-сәуір күндері жоспарланған іс-шаралардың барлығы іске асырылды.7-9 мамыр мерекелерін дайындық жүргізілуде.

2.Екінші сұрақ бойынша балабақша тәрбиешісі Л,Мамбетова айтып өтті. 8-наурыз,22-Наурызға арналған іс-шаралар өтті.Аналар мерекесіне арнап бүлдіршіндеріміз тақпақ,би ,әндерін айтты.Әз –Наурыз мерекесіне арналған ұлттық ойындар «Қыз қуу», «арқан тартыс», «асық ату» ойындарын ойнап көңілді де қызықты өтті.Ертеңгілікке жақсы деген баға қоямын.

3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Д.Әлімқұлова айтып өтті.Мерекелік іс-шараларда жоспарланған әрекеттердің барлығы іске асырылды.Мереке үлкен залда өткізілді.Балалардың өнерлерін ата-аналар тамашалап риза болып жатты.Бүлдіршіндердің арасында эстафеталық жарыстар өткізілді.Ойын бала бойындағы түрлі қасиеттерді дамытады.Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп ,оған өзгеше нәр беріп жаңартып өткізіп отыруды тәрбиешілер бір сітте естен шығармауы керек.

4.Төртінші сұрақ бойынша ересек «Тұлпар » тобының тәрбиешісі А.Сахова айтып өтті.

Балабақшамен қоштасу іс-шарасына дайындығымыз жақсы.Балалар жыл бойы алған білімдерін ,өнерлерін көрсетеді. Көріністер арқылы балаларды мектепке дайындап жатырмыз.Ертеңгіліктің жоспарын түзіп қойдық.

Бесінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі жазғы ұйымдастырылған оқу іс-
екетінің кестесімен таныстырып өтті.

екітілсін деген ұсыныс болды)

Алтыншы сұрақ бойынша балабақша әдіскері Д.Әлімқұлова тәрбиешілердің ығармашылық тақырыптары (ескертпе бақылау) туралы айтып өтті. Ескертпе бақылау арысында педагогтарға шығармашылық жұмыстарыңызды жүйелі нәтижелі йымдастырылуы «Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні » тақырыбында баланың узыканы тыңдауы ,әуенді бір –бірінен ажыратуы , ән мен дене қимылының йлесімділігін бере білуін бақылап жетілдіріп,баланың өз ойларын толық және үсінікті етіп жеткізе білуіне көмектесу.Сондықтан шығармашылық жұмыстың мақсаты балалардың жан-жақты дамуына бағытталады.

Шешімі:

1. «Қош бол, балабақшам!» мерекесінің бағдарламасы түзіліп, бекітілсін.
2. Баланың денесін қалыптастыру мақсатында тыныс алу жаттығулары, серуен,шынықтыру шаралары көбірек жүргізілсін.
3. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Алибаева

Нөмірленген бауланған
2 парақ бетте
Балабақша меңгерушісі